

«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы

Аналар мектебі:  
«Отбасы құндылықтары» дөңгелек үстел  
(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)

Педагог-психолог: Шамшина И.М  
Тәрбиеші: Жубатова А.У

Казан, 2025 жыл

Аналар мектебі: «Отбасы құндылықтары»  
(аналармен дөнгелек үстел)

**Мақсаты:** Отбасы тәрбиесінде ананың балаға деген тәрбиелік ықпалын арттыру, қазіргі кездегі баланың дамуына және тұлға болып қалыптасуына ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып қарым-қатынас орнату, отбасы құндылықтарын нығайту, дамыту.

**1. Ұйымдастыру кезеңі.**



**2. «Амандасу» жаттығуы.**

Нұсқау: шеңбер жасап отырып, қасында отырған адамға қарап көңіл көтеретін бір сөз айту.

Мысалы: сен бүгін өте әдемісің, көйлегің қандай әдемі...



**3. Аналар мектебінің жоспарымен таныстыру. Аналар мектебі құрамын бекіту**





**4. Сұрақ - жауап әңгімелесу.** Отбасы құндылықтар дегеніміз не? Қалай түсінесіздер? Аналар өз ойларын ортаға салады

Аналар сіздер жалпы балаға қатысты отбасы құндылықтарды атап өттіңіздер. Құрған шаңырағымыздың бекіткен жақсы қасиеттері әр отбасымыздағы бала бойына жақсы қасиет болып дарып, сіздерді қуанта берсін.

**5. «Отбасы-бұл...» жаттығуы**

Әрқайсысымыз үшін отбасы – ең қымбат, ең жылы мекен. Сіздермен



қазір шағын шығармашылық тапсырма орындаймыз. Алдарыңызда тұрған ақ парақ, түрлі-түсті карандаштармен отбасы суретін бейнелейміз. Соңында салған суретімізді қорға шығамыз.

**6. «10+5+1» әдісі**

Алдарыңыздағы ақ параққа сіз кешіні өміріңізге қажетті құндылықтарды жазыңыздар. Саны 10. Мысалы: Ақша, денсаулық, бала, білім т.с.с Оның 5сызып тастаңыз, тағы төртеуін сызыңыз. Қолдарыңызда бреуі қалды, соны оқыңыз.

Ол көбіңізде бала болуы мүмкін. Ол заңдылық. Бала ата-ананың бауыр еті. Әр ата-ана бала үшін өмір сүреді.



### 7.«Шеңбердегі ертегі»

Нұсқау: Өз қиялдарымыздан отбасы ертегісін құрастыру. Онда жанжал жоқ, бәрі бар бақытты отбасы болу керек.

Ертегі былай басталады: «Бір шағын ауылда өте мейірімді, сыйлы, бақытты отбасы болыпты...» Келесі ана 1-2 сөйлеммен жалғастырып кетеді. Осылайша бізде ортақ ертегі пайда болады. Бәрімізде осындай бақытта өмір сүргіміз келеді



### 8.Рефлексия «Тәтті шәй»

